



Созақ аудандық мәслихаты ШЕШІМ

№28 02.07.2025 ж

Созақ аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымындағы кезектен тыс жиырма тоғызыншы сессиясын шақыру туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабының 2-тармағына сәйкес, Созақ аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымындағы кезектен тыс жиырма тоғызыншы сессиясы 2025 жылғы 10 шілде, сағат 11.00-де, Шолаққорған ауылында шақырылсын.

Созақ аудандық
мәслихатының төрағасы О.Жәмиев

Созақ аудандық мәслихатының депутаттары мен аудан халқының назарына

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабына сәйкес, Созақ аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымындағы кезектен тыс жиырма тоғызыншы сессиясы 2025 жылғы 10 шілде, сағат 11.00-де Шолаққорған ауылында шақырылатыны туралы Сіздерді хабардар етемін. Мекен-жайы: Шолаққорған ауылы, Жібек жолы көшесі, №16.

Депутаттарды тіркеу 10 шілде, сағат 09.00-ден бастап аудандық мәслихатта өткізіледі.

Аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен мәжілісі 2025 жылғы 10 шілде, сағат 10.00-де өткізіледі.

Сессияның қарауына мына мәселе ұсынылады:

Созақ аудандық мәслихатының 2024 жылғы 27 желтоқсандағы №165 «2025-2027 жылдарға арналған ауылдық округтер және кенттер бюджеті туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

Сессия қарауына келіп түсуіне қарай өзге де мәселелер енгізілуі мүмкін.

Созақ аудандық
мәслихатының төрағасы О.Жәмиев

Президент ШЫҰ-ның бас хатшысын қабылдады

Мемлекет басшысы Шанхай ынтымақтастық ұйымының бас хатшысы Нұрлан Ермекбаевты қабылдады. Кездесуде ШЫҰ аясындағы ықпалдастықты одан әрі дамыту перспективасы талқыланды.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Қазақстан ШЫҰ-ның тиімді әрі теңгерімді халықаралық ұйым ретіндегі рөлін нығайтуға баса мән береді. Бұл қазіргі әлемдік саясаттағы сын-қатерлерге жедел үн қатуға ықпал етеді.

Президент Қытайдың ШЫҰ-ға төрағалығын жоғары бағалап, Ұйым тетіктерін жетілдіруге қолдау көрсететінін айтты.

Бұдан бөлек, Қазақстанның Ұйым аясында ұсынған басты бастамаларын іске асыру жолдары қаралды.



Құрылыстағы цифрландыру



Енді құрылыс барысын бақылауды дрон және жасанды интеллект жүйелері жүзеге асырмақ. Бұл туралы Орталық коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз конференциясында Өнеркәсіп және құрылыс вице-министрі Жәннат Дүбірова мәлімдеді.

Елімізде геология және жер қойнауын пайдалану саласында цифрлық трансформация жалғасып жатыр.

—Жасанды интеллект көмегімен жыл соңына дейін геологиялық есептерді өңдеу және геологиялық зерделеу базасын қалыптастыру бойынша түрлі жобаларды іске асыру жоспарда бар. Жасанды интеллект сканерленген құжатты, есепті, кесте мен картаны таниды. Барлық мәлімет базаға жүктеліп, «Big Data» қалыптастырады. «Big Data» болашақта кен орындарын табу ықтималдылығын болжау мен бағалауға арналған деректерді өңдеуді автоматтандырады,—деді Жәннат Дүбірова Орталық коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихатында.

Вице-министрдің айтуынша, бірыңғай платформада мемлекеттік қызметтен бөлек, есепті онлайн тапсыру функциясы да қолжетімді. Бүгінде геология және жер қойнауын пайдалану саласындағы 22 мемлекеттік қызмет цифрландырылған.

— Биыл жер қойнауын пайдаланушылар алғаш цифрлық форматта есеп тапсырды. Сонымен қатар қазір 3 449 келісімшарт пен лицензия, әкімдіктермен бірлесіп 2 024 келісімшарт пен лицензия цифрландырылды. Бұдан бөлек, енді құрылыс барысын бақылауды дрон және жасанды интеллект жүйелері жүзеге асырмақ. Дрон белгіленген аумақты айналып ұшып шығады, ал жасанды интеллект хуш нәтижесі бекітілген жобалау жоспарымен салыстырып тексереді. Егер сәйкессіздік анықталса, мәлімет мемлекеттік архитектура-құрылыс бақылау комитетіне жолданады. Құрылыс саласында жасанды интеллектіні қолдануға бағытталған қанатқақты жоба жыл соңына дейін іске қосылады,—деді Жәннат Дүбірова. Сонымен қатар жыл соңына дейін елімізде коммуналдық қызмет бойынша бірыңғай төлем құжатын ауылдарда қолдану жоспарланып отыр. Бұл коммуналдық төлемдер бойынша ақпараттық теңгерімсіздікті жойып, бірыңғай есеп жүргізу стандартын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Бұл бастамалардың барлығы—мемлекеттік басқарудың ашықтығын, тиімділігін және орнықтылығын арттыруға бағытталған жүйелі өзгерістердің бір бөлігі. Цифрлық технологияларды енгізу арқылы салалардағы деректердің дәлдігі артып, шешім қабылдау үдерісі жедел бола мақ. Сонымен бірге инвестиция тарту, инновациялық орта қалыптастыру және азаматтардың өмір сапасын жақсарту сынды мақсаттарға қол жеткізуге жол ашылады. Демек жасанды интеллект пен цифрлық шешімдердің үйлесімі еліміздің индустриялық және құрылыс салаларын жаңа даму деңгейіне көтермек.

«Созақ үні»-ақпарат.

Баршамыз аудан басылымына жазылайық!

Маусым айының соңғы күні орталыққа түсіп, аудандық «Қазпошта» мекемесіне барып, ауданымыздың айнасы, тоқсан бес жылдық тарихы бар «Созақ үні» газетіне алты айға жазылдым. Мен бұл газетпен сонау ауданға қызметке келген уақыттан бері дос, сырласпын. Қаншама ардақты азаматтардың бұл газетте қолтаңбалары қалды. Қарап отырсам бағасы да аса қымбат емес, қол жетімді. Алты айға 2500



теңге. Алты ай рухани азық аласың. Қазіргі мына қымбатшылық жайлаған заманда ол ақшаға не сатып алуға болады. Ал үйіңе пошта тасушы газет әкеліп тұрса қандай керемет. Аудандағы жаңалықтарды, ақпараттарды, тарихи және заманауи мақалаларды оқи аласыздар. Өзін ауданның азаматымын дейтін кез келген азамат аудандық газетке жазылғаны дұрыс. Себебі, өз ауданымыздың төл газетіне жазылып, оған қолдау көрсете алмасақ, ол өзімізге сын. Сол себепті аудан азаматтарын аудандық басылымға жазылуға шақырамын.

Абай ТҰРМАХАНОВ,
ҚР Ішкі істер саласының ардагері.

ҚЫЗЕМШЕК КЕНТІНЕ ЖАҢА ӘКІМ САЙЛАНДЫ



Созақ ауданы, Қыземшек кенті тұрғындарының дауыс беру қорытындысы бойынша кенттің жаңа әкімі болып Әбіл Марс Ерланұлы сайланды.

Аудан әкімінің орынбасары Серік Маманов Қыземшек кентіне арнайы барып, жаңа сайланған әкімді ұжымға таныстырды. Жаңа әкімге сенім артып, жұмысына сәттілік тіледі.

Сайлау қорытындысымен Созақ аудандық аумақтық

сайлау комиссиясының төрағасы Талғат Нағиұлы таныстырып, Марс Ерланұлына қызметтік куәлігін табыстады.

Жиынға қатысқан кент қариялары мен тұрғындар ізгі тілектерін арнап, сәттілік тіледі.

Әбіл Марс Ерланұлы 1996 жылы 1 қаңтарда Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шу ауылында дүниеге келген. Білімі жоғары. 2014 жылы М.Өтебаев атындағы Жоға-

ры жаңа технологиялар колледжін «Құқықтану», 2018 жылы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университетін «Құқық және экономика негіздері» мамандықтары бойынша тәмамдаған.

Еңбек жолын 2018 жылдың қазан айында Созақ ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» КММ-де бастап, 2019 жылғы 13 мамыр мен 2019 жылғы 24 шілде аралығында Созақ ауданы әкімі аппаратының іс қағаздарын жүргізу инспекторы болып қызмет атқарған.

2019-2024 жылдар аралығында Созақ ауданы, Қыземшек кенті әкімі аппаратының инфрақұрылым және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық жөніндегі бас маманы, 2024 жылдың 1 тамызынан бастап Созақ ауданы әкімі аппаратының заң және мемлекеттік қызмет көрсету мониторингі бөлімінің бас маманы, 2024 жылдың 26 қыркүйегінен бүгінге дейін Қыземшек кенті әкімінің кеңесшісі, іс басқарушысы қызметін атқарған.

**Аудан әкімінің
баспасөз қызметі.**



АУДАНҒА ЖҰМЫС САПАРЫМЕН КЕЛДІ

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Ұласбек Сәдібеков ауданға жұмыс сапарымен келіп, бірқатар әлеуметтік және инфрақұрылымдық нысандарды аралады.

Сапар аясында аудандық ардагерлер үйінде жергілікті қариялармен кездесіп, Парламент қабырғасында атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде ақпарат берді. Сонымен қатар, ұсыныс-пікірлерін тыңдап, өзекті мәселелермен танысты. Ұласбек Сәдібеков көтерілген мәселелерді депутаттық сауалдар арқылы шешуге ықпал ететінін атап өтті. Сондай-ақ Салық кодексіне енгізілетін өзгерістер, жеңілдетілген несие алу мүмкіндіктері және жасанды интеллект бойынша жүзеге асырылып жатқан жұмыстар туралы мәліметтерді де бөлісті.

Өз кезегінде аудан ардагерлері аудандық аурухананы күрделі жөндеу, білім бөлімін ауданға қайтару, сондай-ақ Н.Төреқұлов атындағы IT мектеп-лицейінің күрделі жөндеу жұмыстарына қаражат бөлу сынды бірқатар ұсыныстарын жеткізді.

Бұл мәселелер бойынша аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков тиісті шаралар қабылданып жатқанын, соның ішінде аудандық аурухананы жөндеуге қажетті қаржыны «Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясы арқылы тарту бойынша келіссөздер жүргізіліп жатқанын атап өтті.

Одан әрі депутат аудандық орталық ауруханаға барды. Медицина қызметкерлерімен жүздесіп, саланың дамуына қатысты пікірлерін білдірді. Сонымен қатар тұрғындардың денсаулығын қорғауда профилактикалық шараларды күшейтудің маңыздылығына назар аударды.

Сапар соңында автоматтандырылған газ тарату станциясының жұмысымен танысып, құжаттарды рәсімдеу және келісімдерді пысықтау бойынша нақты ұсыныстар берді.

Жергілікті қоғамдастық жиыны өтті

Өткен жұма, маусым айының 27 күні Шолаққорған ауылының мәжіліс залында жергілікті қоғамдастықтың кезекті жиыны болып өтті. Жиынға жергілікті қоғамдастықтың мүшелерінің дені көпшілігі тиісті бөлім және мекеме басшылары көп қатысты. Күн тәртібіне:

1. Шолаққорған ауылдық округі әкімінің 2025 жылы атқаратын жұмыстары туралы есебі;

2. Созақ АІІБ Жергілікті полиция қызметінің атқарған жұмыстары туралы есебі; (Баяндамашы: учаскелік полиция инспекторы А.Рысбаев)

3. Жергілікті қоғамдастықтың басқа да ағымдағы мәселелері қойылған. Сонымен, әуелгі болып



бір нұсқасын қоғамдастық мүшелерінің қолына үлестіріп бергені және арнайы слайдтар жасап келгені баяндамашының жұмы-

торлардың соңғы 6 айда атқарған жұмыстарының есебін берді. Әсіресе, тазалыққа қатысты айыппұлдарға, мал ұрлығы менен интернет алаяқтыққа кеңінен тоқтады. Біз де жергілікті қоғамдастық мүшелері тарапынан сұрақтарымызды беріп, ұсыныс-пікірлерімізді айттық. Әрі қарай, күн тәртібіне орай, ауылымыз бойынша тазалық, ауыз су және газ мәселесі жұмыстары жайын сөз еттік. Жиынға арнайы шақыртылған Созақ аудандық ЖКХ бөлімінің басшысы Ербол Амановты, «Созақ Сәулет» мекемесінің басшысы Берік Әлтековты және «Шолаққорған Су» мекемесінің басшысының орынбасарын трибунаға шығарып, сауалдар бердік, ұсыныс-пікірлер айттық. Өз кезегінде бұл азаматтар да жергілікті қоғамдастыққа өз ұсыныс-пікірлерін жеткізіп, біраз мәселені басшылыққа алуды өтініп жатты. Сонымен, жиын соңында:

Ауыл әкімдігінің жанынан жұмысшы топ шығарып, өзекті болып отырған тазалық, ауыз су және газ мәселелерін ауыл тұрғындарының арасында насихаттап, түсіндірме жұмыстарын жүргізуге қаулы-қарар алдық!

**Данияр
ҚҰЛ-АХМЕДҰЛЫ.**



сөз алған Шолаққорған ауылдық округінің әкімі Жеңіс Бақытжанұлы Төлепбергенов 2025 жылы әкімдік тарапынан атқарылуы тиіс жұмыстарына тоқталды. Алдын-ала баяндамашының

сын біршама жеңілдетті. Баяндамадан соң бірден сұрақ-жауапқа көшіп, ұсыныс-пікірлерімізді білдірдік. Мұнан соң, жергілікті полицияның инспекторы Асан Рысбаев жергілікті инспек-

“Домбыра-дәстүр мұрасы”

Ұлттық домбыра күніне орай Созақ аудандық орталық кітапханасының ұйымдастыруымен “Домбыра-дәстүр мұрасы” атты танымдық сағат өтті.

Мақсаты-жас ұрпаққа қазақ халқының киелі мұрасы-домбыра туралы терең түсінік беру, атақты күйшілердің

найы ұйымдастырылған “Домбыра-дәстүр мұрасы” атты кітап көрмесімен таныстырып, мазмұнды шолу жасады. Күй тыңдалып, оның мазмұны мен мәні түсіндірілді. Оқушылар арасында викториналық сұрақтар арқылы қызықты білім сайысы өтіп, Қадыр Мырза Әлі



өмірі мен шығармашылығымен таныстыру, ұлттық өнерді құрметтеуге тәрбиелеу.

Танымдық сағат барысында оқырмандарға қызмет көрсету бөлімшесінің басшысы А.Бөбеева домбыраның шығу тарихы туралы мазмұнды ақпарат беріп, танымдық бейнеролик ұсынды. Кітапханашы А.Қыздарбекова қатысушыларды ар-

сынды ақындардың домбыраға арналған жырлары оқылды.

Домбыра-тек аспап емес, ол-халықтың үні, жүректің сыры, атадан балаға жеткен аманат.

Осындай танымдық сағаттар өскелең ұрпақты ұлттық өнерге жақындатып, рухани құндылықтарды дәріптеуге жол ашады.

«Созақ үні»-ақпарат.

"Кітапхана түні" жаңа маусымда

Кітап-адамзат ақыл-ойының алтын қазынасы. Ал кітапхана-сол қазынаның ордасы. Кітап арқылы өркениеттің терең тамырларына бойлап, рухани байлықты игере аламыз. Осындай ұлы миссияны арқалаған қасиетті мекенде жыл сайын ерекше кеш өтеді—ол «Кітапхана түні».

Кітапхана түні—бұл тек кітап оқитын түн ғана емес, бұл—білім мен мәдениеттің, шығармашылық пен шабыттың, рухани үндестіктің түні бола алады. Бұл кеште кітапхана тіріледі, түнде тыныштыққа үйренген серелер мен залдар оқырманның ыстық ықыласына бөленеді.

Аудандық орталық кітапханасының ұйымдастыруымен «Кітапхана түні— 2025» жоба-

сында ізгі тілектер жолданып, әсем әндер орындалды.

Бұл жай ғана кітапхана түні болған жоқ, бұл жүрекке жарық құятын рухани мереке болды! «Әдебиетпен жарқыраған түн, білімге толы бұл күн» киелі шаңырақтағы кітапхана оқырмандарына айрықша, ерекше кештердің бірі болды десек қате айтпағанымыз болар еді.

Кітаппен жарқыраған бұл түн — тек бір сәт емес, жүрекке сіңген рухани естелік. Сөз бен ой өнер мен білім кештің алтын арқауы болды.

Кітапхана түнінің басты мақсатының бірі—оқырмандар жүрегіне жол табу, кітапсүйер азамат пен азаматшаларымызды көбейту, кітапты жанына серік ету және де киелі



сының жаңа маусымы шымылдығын түріп ашылған болатын.

Шараны аудан әкімінің орынбасары Алтын Күнтуқызы ашып, жылы лебізін білдірді. Оқу бағдарламасы аясында ұйымдастырылған жобаның маңыздылығына айрықша тоқталды.

Кітапхана саласының тұрақты оқырмандары, кітап жанысұрлары бұл кешке өз үлестерін қосты.

Сонымен қатар, Ұлттық құрылтай бастамасымен жүзеге асқан «100 кітап» ұлттық сауалнамасына, іс — шараға келген кітап сүйер қауым өз таңдауларын жасап, ұсыныс білдірді.

Кеш қонақтары ауданның Құрметті азаматы Нұржамал Құлжабайқызы, аудандық мәслихат депутаттары Рабиға Шамақызы, Есмұратова Гүлшат, Созақ аудандық «Аманат» партиясының атқарушы хатшысы Талғат Сейдахметұлы, және Аумақтық басқарма басшысы Дәуренбекова Рима апайларымыз киелі шаңырақ төрінде бас қосқан болатын.

Мерекелік кештің жалғасы «Зейін мен жылдамдық сынағы» атты иетеллектуалды ойынмен өрбіді...

Қызықты бәсеке аясында:

«Тұлға»;
«Руханият бірлігі»;
«Білім барыстары» топтары бақ сынасты.

Бұл ойынның ерекшелігі әділ қазы алқалары жоқ, экраннан нәтиже өзі көрініп тұрды. Ойынның басты ерекшелігі—мобильді құрылғылар арқылы сұрақтарға жауап беріліп, нәтижелер экраннан интерактивті түрде көрсетілді. Шапшаңдық пен білім сынға түскен бұл сайыс көрермендерді тәтті еткен болатын.

Тағылымы мол шара ая-

шаңырақ төрімен тығыз байланыста болып асыл қазынамызды, бізге мұра қылып қалдырған ақын—жазушыларымыздың шығарма, өлеңдерімен сусындау болып табылады.

Кітапхана түні—рухани әлемге саяхат жасайтын ерекше кеш, сондықтан оған лайықты жүрекке жылу беретін, шабыт сыйлайтын рухани орда десек артық айтпаған болар едік.

Кітапхана түні—жанды тынықтырып, рухты байытатын ерекше сәт. Қалам мен парактың арасындағы ғажайып кешке куә бола алдық.

Әдебиет—өмір айнасы, кітап—жан серігі демекші бұл кеш арқылы руханияттың шамын жаға алды, сол шырақ алтын шаңырақта ешқашан сөнбесін дегім келеді.

Қазіргі кітапхана—тек кітап қана емес, бұл—цифрлық кеңістік, шығармашылықтың алаңы, қоғамдық пікірдің қалыптасу орталығы. «Кітапхана түні» осы жаңа бетбұрыстың нақты дәлелі болып табылады. Бұл — кітапхана мен оқырман арасындағы алтын көпір.

Кітап—жан азығы. Ал кітапхана—сол жан азығын табатын қасиетті мекен. Әрбір кітапхана түнінде біз кітапқа деген құрметімізді қайта-қайта көрсетуге тырысамыз. Бұл түн—ұмытылмас әсер мен рухани жаңғыру түні.

«Кітапхана түні» әрбір оқырман жүрегіне ышқын тұтатып, өміріне жарық нұр себетін ерекше сәт десек артық айтпағанымыз болар еді...

Кітаппен дос болайық, кітапханаға жиі барайық!

Еркебұлан ДАЙРАБАЙ,
Аудандық орталық кітапхананың библиографы.



Қыстың қамын жазда ойлайық!

«Созақ үнінің» Созақ халқына үндеуі

Биылғы, 2025 жылдың қысында қар, көктемінде жауын-шашын мардымсыз болды. Есесіне жаз маусымы қатты, шілдеде келуі тиіс шіліңгір ыстықпен басталды. Қарсыз қыс пенен жауынсыз көктемді көріп, аңырып отырған аудан жұртшылығы үшін бұл кәдімгідей, психологиялық тұрғыдан соққы болды. Себебі, жаздың алғашқы аптасында ауа райы 40-тан жоғары көтеріліп кетті. Жүрегінде әлсіздігі, қан қысымы жоғары не төмен орта жастан жоғары азаматтарымыз кәдімгідей әбіржіп қалды. Дегенмен, «Әрбір қиындықтың артынан бір жеңілдігі келеді» деп, артынша-ақ бірнеше рет жауын жауып, жазымыз салқын, жайлы қалыпқа түсе бастады. Әрине, біреулер әдетінше: «Ендігі жауынның шаруаға түк пайдасы жоқ, бекерге шөпті күйдіріп жібереді» деп жатты. Алайда, кімге ненің пайдасынның меніңше, берген біледі. Тек, «Күн бұлттанса, екі адам: бірі жауады, екіншісі де жаумайды» деп, күнәһар болады» —ның кері келеді, болды.

Сонымен, жалпы еліміздегідей ауданымызда да қуаңшылық орын алып тоырған соң, оның үстіне, жылда жем-шөп дайындайтын жонымызды шегіртке басқан соң, шаруашылық жайлы жазып жүрген біз шаруа жайын алаңдап қалдық. Әрине, облыс, аудан болып тиісті мекемелер дер кезінде күресіп, шегірткені залалсыздандырдық. Дегенмен, шырылдауық шегіртке залалсызданғанға дейін, гуляйттап жүріп талай жерге, шаруашылыққа залалын тигізіп үлгерген еді. Осы ретте, ауданымыздың қысқа, мал азығын дайындау бойынша атқарып жатқан жұмыстары жайында білу үшін Созақ аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөліміне хабарласып, мына төмендегі мәліметті алдық. Кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің мәлімдеуінше:

2025 жылы Созақ ауданы бойынша мал қыстатуға қажет мал азығының дайындалуы бойынша жоспары 229 110 тонна болып бектілді. Қазіргі уақытқа дайындалған мал азығының көлемі: 57 685 тонна. Сырттан сатып алынған мал азығының көлемі: 5380 тонна. Өткен жылдан қалған мал азығының көлемі: 27 490 тонна.

Шолаққорған ауылдық округі бойынша жоңышқа туралы мәлімет:

Жоңышқа 1 га жерге — 300 пресс алынып жатыр.

Жоңышқаны басынан алып кету бағасы — 1100 теңге.

Жоңышқаны жеткізіп беру бағасы — 1300 теңге.

Құмкент-Жартытөбе ауылдық округтері бойынша жоңышқа туралы мәлімет:

Жоңышқа 1 га жерге — 60-70 пресс алынып жатыр.

Жоңышқаны басына алып кету бағасы — 900 теңге.

Жоңышқаны жеткізіп беру бағасы — 1200 теңге.

Созақ-Сызғанауылдық округтері бойынша жоңышқа туралы мәлімет:

Жоңышқа 1 га жерге — 300 пресс алынып жатыр.

Жоңышқаны басына алып кету бағасы — 1100 теңге.

Жоңышқаны жеткізіп беру бағасы — 1300 теңге.

Қаратау-Қарақұр ауылдық округтері бойынша жоңышқа туралы мәлімет:

Жоңышқа 1 га жерге — 200 пресс алынып жатыр.

Жоңышқаны басына алып кету бағасы — 1100 теңге.

Жоңышқаны жеткізіп беру бағасы — 1200 теңге.

Қызылорда облысынан келіп жатқан жоңышқа туралы мәлімет:

Басынан алып кету бағасы — 900 теңге.

Қамыс араласқан жоңышқа бағасы — 1100 теңге.

Таза жоңышқа — 1300 теңге.

Мінеки, мына мәліметтерге жүгінсек, биылғы қысқа дайындығымыз қиындау болатын секілді. Дегенмен, қуаңшылық жайлап тұр деп, қол қуысырып отырған шаруа жоқ. Әлі күзге дейін де біраз жұмыстар атқарылды деген сенімдеміз. Бұл ретте, таяуда ғана аудан әкімінің орынбасары Серік Сахиялы Мамановтың бұйрығымен жұмысшы топ құрылып, Шолаққорған ауыл әкімінің орынбасары Махан Избалаев, кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Бекзат Мыңжасаров, ҚазСуШар»РМК-ның Созақ ауданындағы бөлімше басшысы Қанат Қайратұлы, жер қатынастары бөлімінің басшысы Фани Пардабекұлы және БАҚ өкілдері мен сала мамандары болып, Қарасуан жеріне барып қайттық. Мақсатымыз ондағы шаруаларымыздың жай-күйін біліп, ұсыныс-пікірлерін тыңдау еді. Әрине, барғандағы басты жұмысымыз егістікке берілетін су кезегінің сақталмауы еді. Бұл жайында да шаруаларды тыңдап, егін алқаптарында болып, қысқа қамдықтарын сөз етіп қайтқан болатынбыз.

Міне, осы жоғарыда айтылған жәйттардың барлығын назарға ала отырып және Созақ ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің өтінішімен «Созақ үні» газеті Созақ ауданының халқына үндеу жолдайды:

«Құрметті Созақ ауданының халқы, жерлерстер! Көріп-біліп отырғандарыңыздай, биылғы жыл, жазымыз қуаңшылық болып тұр. Әрине, қуаңшылық екен деп қол қусырып отырған билік және халық жоқ. Әйтеуір мейлінше ішкі және сыртқы ресурстардың есебінен ауданымызға жем-шөптің кіруіне барлық жағдай жасалып жатыр. Дегенмен, «Жаман айтпай, жақсы жоқ»; «Жаздың қамын қыс ойла!» деген халық даналықтарын басшылыққа алып, қолында, қорасында және далада төрт түлік мал ұстап отырған азаматтарымызды бейқам отырғауға, біте қоймаған жаз мезгілін пайдаланып, қара күзге дейін мал азығын дайындап алуға үндейміз. Қазіргі таңда ауданымыздың басты табысы өндірістен түсетін салық, сонда жұмыс істейтін азаматтарымыздың айлық жалақысы десек-те, өндіріспен қатысы жоқ кәсіпкер-шаруаларымыздың бірсыпырасының күн көрісі егін және мал шаруашылығы екені бесенеден белгілі. Оның үстіне аудан жұртшылығының күнделікті тұтынатын ет-сүт өнімдері нақ осы ауыл шаруашылығында еңбек етіп жүрген кәсіпкерлеріміздің есебінен дайындалады. Ендеше, қыстың қыр астында екенін ұмытпайық, ағайын! «Алдыңа келген арзан» деп, өңірімізден және сырттан келіп жатқан жем-шөп өнімдерін қажетінше сатып алып, мал азығын қамдап қояйық! «Қарманған қарап қалмас» деген бар!

Данияр БЕК.

Майдангер қаруласы туралы

Биылғы жылы әлем халқы Жеңістің 80 жылдығын зор өрлеумен атап өтті. Отан қорғау майданға шалғайдағы Созақ ауданынан да ер азаматтар аттанып, ерліктің үлгісін көрсетті. Сол ерлеріміздің қатарында Жәми Көшектев те қан майданда ауыр жарақат алып, елге оралып бейбіт еңбекке бел шеше араласты. Аудандық «Социалды шаруа» газетінде есепші, жауапты хатшы, аудандық комсомол комитетінің хатшысы, аудандық партия комитетінің нұсқаушысы, совхоз партия комитетінің хатшысы, бірнеше мектеп директоры, білім бөлімінің қызметкері, қоғамдық жұмыстарда: аудандық мүгедектер қоғамының төрағасы, Созақ ауданының төбе биі жауапты қызмет салаларын абыроймен атқарды. Созақ ауданының алғашқы Құрметті азаматтарының бірі Жәми Көшектев 83 жасында 2009 жылы дүниеден өтті. 1925 жылы өмірге келген Жәми Көшектевтің соңында қалған ұлы Есенсары бастаған ұрпақтары аталарының 100 жылдығына орай өзі тұрған шаңырағында ағайын-туыс, көз көрген азаматтардың басын қосып, ас беріп құран оқытты. Осындай айтулы күндері ұлы Есенсары көне дәптерді маған көрсеткен еді. Ол- ұзақ жыл аудандық газеттің жергілікті тілшісі, белсенді авторы болған, Ұлы Отан соғысының ардагері, ақын Ертай Аманжоловтың өз қолымен өрнектеп жазған ұзақ жыл сыйласып, жақын достық қарым-қатынаста болған Жәми Көшектев туралы. «Ары қымбат азамат» аталатын жазбасы еді. «Созақ үні» газетінің алғашқы нөмірінің жарық көргеніне 95 жыл толатын биылғы жылы аудандық басылымға ұзақ жыл еңбегі сіңген қос ардагерді құрметпен еске ала отырып, Ертай Аманжоловтың қолжазбасын аудандық газет бетіне ұсынуды жөн көрдік. Кейінгі жастарға, газет оқырмандарына тағылымдық мәні бар деп ойлаймыз.

Отеш ҚЫРҒЫЗБАЕВ,
Аудандық газет ардагері,
Қазақстанның Құрметті журна-
листі.

АРЫ ҚЫМБАТ АЗАМАТ

(Майдандасым, әрі досым Жәми Көшектевке арнау жыр дастан)

Бастайын бісмілла деп сөздің басын,
Аударып оқушының ықыласын.
Жазайын жыр дастанды өсиетті,
Баяндап Жәми достың өмір жасын.
Сағынған сырласуды сан асаған,
Бірде өскен жақсы досым сәлем саған.
Бірі деп сыйластықтың айқын жолы,
Арнаймын наз аралас өлең саған.
Бояма сөздерім жоқ жарқырауық,
Сұңқарды қарға өтпеймін оқа жауып.
Өмірдің өлеңімде өрнегім бар,
Қалана халқың ісіне орнын тауып.
Жүрегім ақыл ойым бәрі жарқын,
Олжа ма тапқан менің ие халқым.
Жұмбақтап елден ұрлап бүгегім жоқ,
Жасырын сақталмайды мендегі алтын.

Сондықтан қаламымды қолға алып,
Көрейін өлең жырдан өрнек салып.
Сөздермен өсиетті жаздым арнап,
Көрмеген өлең десе жүрек талып.
Кең байтақ Қаратаудың бауырында,
Қасиетті әруақтар қауымында.
Келеді дүниеге бір ер бала,
Құтты жер Жартытөбе ауылында.
Ет болып қызыл шақа бір жапырақ,
Шырылдап ана алдына жатыр жылап.
Кім едің сен сол кезде не білер ең,
Сүйсінді-ау сол бейнеңе ана бірақ.
Бөленіп қуанышқа тұла бойды,
Жасайды ата-анасы бесік тойды.
Жеткен соң арманына күтіп жүрген,
Жәми деп баласының атын қойды.
Толысып өсті Жәми әр күн сайын,
Етпестен өмірінде еш уайым.
Тіледі ақ пейілмен ата анасы,
Балама өмір бер деп бір құдайым.
Жерде өсіп әруақты қазыналы,
Құлашы кең созылып жазылады.
Әруақты құт қоныста қатарынан.
Ерекше болып өсті базанылы.
Күлімдеп қуанады ата-анасы,



Жәмидің ерекше боп ықыласы.
Мектепке берді оқуға киіндіріп,
Жәмидің жеті жасқа келіп жасы.
Жасынан еркін жүріп күтінеді,
Ақылға, ар намысқа бүтін өді.
Бастауыш төрт класын Алмалының,
Сеніммен үздік оқып бітіреді.
Мың тоғыз жүз қыркыншы жыл
көктемінде,
Ер жетіп жасы он төртке жеткенінде.

Бесінші класты оқып өтті тәмам,
Аңғысай Максим Горький мектебінде.
Дүниеде адам қымбат ақыл мықты,
Оқудан дей алмаймын Жәми ықты.
Жағдаймен көш керуен болып жүріп,
Ауысып туған жерден бір ақ шықты.
Өзі боп өз ойына бағынышты,
Еске алад өскен жерін сағынышты.
Жүргенмен елден шеттеп күн түн
ойлап,
Көңілі туған жерге алып ұшты.
Қайтадан өскен жерге келді жетіп,
Үш төрт жыл шеттеп жүрді елден
кетіп.

Елге көп жеті жылдық білім алды,
Оқуын жалғастырып мақтан етіп.
Кезінде сағат төрттің таңда атқан,
Жақсылық өмір сүріп тыныш жатқан.
Тату сөз қойылған қол бәрі қалып,
Немістер тұтқиылдан салды аттан.
Шақырту қағазы да тиіп қолға,
Шығады белді буып Жәми жолға.
Жәмидің ойында боп бір ақ тілек,
Жауыздың өзі түссін қазған орға.
Ел жұрты қош айтысты амалсыздан,
Тірікте не көрмейді ажалсыз жан.
-Ай сайын хат жазып тұр елді ұмыт-
пай,

Бекерге жүрме деді-хабарсыздан.
Бөлініп әр вагонға іріктелді,
Поезда бөгелместен жүріп берді.
Өзіне жолдас етіп кездестірді,
Мұз қатқан қабағына жігіттерді.
Елімен артқа тастап замандасты,
Майданға ақ тілекпен қадам басты.
Халық үшін, отан үшін ұранымен,
Соғысқа қанды майдан араласты.
Қан төгіс соғыс болды жекпе-жекте,
Талқандап алу үшін жаудан кекті.
Ауылға жеңіспенен оралам деп,
Жәми де жүрді ашып көкіректі.
-Жорықта қиналармыз қысылармыз,
Немістің күлін көкке ұшырамыз,-
деп Жәми елге хатты жазды арнап,
Оң қолды аман барып ұсынармыз.
Түтөген оқ бораны ақ бораны,
Айсыз түн айырғысыз ақ қараны.
Майданда абайсызда күтпес жерден,
Аяғын оқтың орып кетті орағы.
Соғыста жүрмей Жәми дара қалып,
Бір жүрді алғы шепте сараланып,
Ұлы отан соғысында үш жыл болды,
Үш рет өте ауыр жараланып.
Дұшпанды табаға сап деңгелетіп,
Елі үшін қаһарланды еңбек етіп.
Соғысқа өз әлініше үлес қосып,
Жеңіспен келді Жәми елге жетіп.
Мұңайды демей Жәми мүгедекпін,
Есесі қайтатұғын болар кектің.
Ақ шаштың әр талында ізі жатыр,
Пайда боп өн бойына жігер екіпін.
Жәмидің тілегі мен арман ойы,
Халықтың бақыты мен абыройы.
Еңбекке араласты ынтасымен,
Жадырап қайраттанып тұла бойы.
Болса да жолы қиын жұмыс басты,
Жәмидің дей алмаймын қорқып састы.

Білдіріп өз ынтасын қызметте,
Жұмысқа мұғалімдік орналасты.
Жұмыста шаршамастан жүрді күліп,
Өзінің жағдайы мен жайын біліп.
Аудандық «Молшылық үшін» га-
зетінде,
Қызметті атқарады есепшілік.
Жәми дос істесе де қайда барып,
Қызметке бар білімін өтті сарып.
Он жылдай комсомолда қызмет өтті,
Өз қатарлы жастардан топты жа-
рып.
Әр кезде іскерлігін басшы елеп,
Қызмет беріп әр түрлі жүрді демеп.
Кезінде комсомолда істеп жүрген,
Өсірді талай жасты тәрбиелеп.
Болса да қандай қызмет түйіп белді,
Білдіріп іскерлігін іріктелді.
Қызметін адал істеп атқарады,
Ырза етіп өз қатарлы жігіттерді.
Қалған жоқ істей алмай шығып шет-
ке,

Қызметті адал істеп жағып көпке.
Нұсқаушы, насихатшы болып істеді,
Ауысып партиялық қызметке.
Өткізіп неше қиын замананы,
Бірі боп іскер жігіт саналады.
Істеген қызметтің жағдайымен,
Ауданның талай елін аралады.
Жүрді ол қызметте қайраттанып,
Қараумен қатарына айбаттанып.
Тасты да да партия ұйымын басқара-
ды,
Сеніммен қойғаннан соң сайлап ха-
лық.

Алтайы оңайлықпен алдырмайды,
Және де ешкім көңілін қалдырмайды.
Әр қашан сүйенерім халқым менің,
Деп Жәми жүрек сырын талдырмай-
ды.

Жәмиде боп бала-бақыт, бала-арман,
Болашақты бала арманнан нәр алған.
Партия ұйымын басқаруды Тастыда,
Өмір жолдан өтті талай жаңарған.
Деп Жәми «Тасты» менің өзім елім,
Мен неге қорқып тасып безінемін.
Күн түні жатпай тұрмай еңбек өтті,
Табысты совхоз етуге сезінемін.
Жөндеуге Тастының көп кемістігін,
Білдіріп қызметке беріктігін.
Ойланып орныменен жұмсай білді,
Сезімнің жүреkteгі ең ыстығын.
Тастыда еңбек өтті сыйға балап,
Халқымен ақылдасып қойып талап.
Шу өзенінен көптің салғызды,
Ұсыныс еткеннен соң халық қалап.
Бұл көпір байлық көзі болып басты,
Аз жылда артқа тастап қатарлас-
ты.

Алдыңғы қатардағы совхоз болып,
Жыл сайын байлығы асып шалқып
тасты.

Қаптады төрт түлікке Шудың бойы,
Айналып кең жайлауға қыр мен ойы.
Қаракөл елтірісін бірінші сорт,
Жыл сайын өндіреді өсіп қойы.
Өсіріп табысты етіп қоғам малды,
Көп шопан ардақталып орден алды.
«Ерлігі үшін» медалімен бағаланып,
Жәмидің еңбегі үшін марапатталды.
Қызметті адал істеп жасымаған,
Мақтанып менменсініп тасымаған.
Кез келген қызметті атқаруда,
Сыйлайтын құрметтейтін асыл
адам.

Бой бермей көңіл ойдың аласына,
Қалмады қызметтің наласына.
Атқарып қызметтің партиялық,
Ауысат білім беру саласына.
Жәмидің бұл істе де артып бағы,
Қуанды еске түсіп жастық шағы.
Сайланад директор боп сенімменен
Мектепке Мұратбаев атындағы.
Бұл ісін басшылардың Жәми елеп,
Көңілін қуанышпен алды демеп.
Ондағы ұстаздармен ақыл қосып,
Өсірді талай жасты тәрбиелеп.
Он жылдай бұл мектепті басқарады,
Атқарып көп міндетті асқаралы.
Қызметте толысады тәжірибе ап,
Демеймін ол еңбектен жасқанады.
Үлкеннің бала жастан сөзін ұғып,
Ешкімнен көрген емес қорқып ығып,
Ұстаз болсын мейілі шәкірт болсын,
Сыйласу мен сеніммен жүрді шығып.
Жәмидің мінезі жоқ ойнамалы,
Көңілі жұмыс десе жайланады.
Мектепке Энгельстің атындағы,
Сенім ап директор боп сайланады.
Қызметте беріле істеп жалықпаған,
Аспандап қыран құстай халықтаған.
Келсе де жас талайға мейірленіп,
Үлгі етіп көңіл ойын анықтаған.
Істейді қызметті зейін салып,
Қатардан қалмайын деп кейін қалып.

Мұнда да ұстаздармен кеңеседі,
Сыйласаң сыйланарсың дейді халық.
Жасынан өсті Жәми болып бетті,
Сақтаумен ар, намысты әділетті.
Басшылар қандай қызмет тапсырса

да,
Атқарды адал істеп қызметті.
Қызметте өзіне өзі шабыт беріп,
Сөзіне надандардың кетпей еріп.
Жұмысын беріле істеп атқарады,
Қалмастан істей алмай көңілі жеріп.
Өмірі балалықтан басталынған,
Жетпістің өтті Жәми асқарынан.
Қоғамдық қызметте атқарып жүр,
Шошынып үйде босқа жатқанынан.
Сыпырып еңбек өтті маңдай терді,
Көрместен еш уақытты қайғы
шерді.

Аман сау жүруіңе тілек қосып,
Әр қашан Үмітжанда жігер берді.
Қара шаш қарлығаштың қанатын-
дай,
Нұр шашып алтын күміс жанатын-
дай.

Үмітжан ақ ниетпен жүрді демеп,
Қуанып құт бақыт көп қонатындай.
Демегін қайда бардың қайда жүрдің,
Көңіліне еш уақыт алмай кірбің.
Қос өгіз ерлі байлы дегендей ақ,
Арқасы Үмітжанның ойнап күлдің.
Үмітжан еш нәрседен өтпей қауіп,
Әр қалай көңіліңді жүрді тауып.
Атқарды мейманыңды сен жоқта да,
Басқа ойға адалдықпен кетпей ауып.
Адал жар жігітке жарасымды,
Көрінер біле білсең бала сынды.
Өсіріп тәрбиелеп балаларды,
Жеткізіп киіндірді бар асылы.
Көңілінің еш болмаған алалығы,
Қиындықтар кездессе де сан алыбы.
Танытқан жақсы атыңды бар ай-
маққа,

Деп білем Үмітжанның даналығы.
Бүгінде өсіп өніп ұл-қыздарың,
Мереңді үй көріп жүрсің тұрғызығаны.
Адал боп жүрсе сыйлап әке деумен,
Тағынан төске алтын жұлдыздарың.
Өнеге қандай жақсы үлгі көрген,
Әкенің тілегін алып сөзіне ерген.
Жолыңда Жәми сенің үлгі етіп,
Қызметті атқарып жүр басшы бер-
ген.

Ұйытып ұл-қыздарың зейілімен,
Кеңіткен тар бөлмені пейілімен.
Асыл жар Үмітжанда өсиетпен,
Қараған шын аналық мейіріммен.
Түспеген жаман жолға ұл-қыздарың,
Сақтаумен бірлік, ынтымақ, намыс,
арын.

Немереден шөбере өсіп өніп,
Амандық үлкен ауыл тоқ боп қарын.
Таппайсың Үмітжаннан ешбір жазық,
Үйіңнің бөрекесі ол алтын қазық.
Семьяда ұйытқы болған екеуіңе,
Сыяды қаншама арнау берсем жазып.
Даналық, ақылдылық дарындылық,
Адамды көтереді ғалым ғылым.
Қиындық көп көрсен де өмірінде,
Қажымадың көріп жүрдім бәрін біліп.
Кімге де жақсы-ау болса жылы лебіз,
Жылылық жақсылық пен туған ба
егіз.

Жақсы сөз бір адамнан ести қалсаң,
Шіркін ай көңіл тасыр ұшан теңіз.
Өсірдің тәрбиелеп халқың сүйіп,
Мереңді жігіт өтті арың биік.

Пір тұтып майдан тылда ардагер
деп,
Жүреді көрген адам басын иіп.

Біледі жерді істеген жердің жайын,
Біледі елді сүйген елдің жайын.
Жыр етсем өмір жолың ұзақ дастан,
Былайша көрінгенмен қарапайым.
Сен бастан өткізген жан біраз дәуір,
Өмірде жүк көтеріп жеңіл де ауыр.
Жеңіл жүк көтергенде желікпедің,
Болған жоқ ауыр жүктен арқаң жау-
ыр.

Созақтың әруақты даласында,
Қариялық асыл қасиет саласында.
Жәми дос Үмітжанмен шын тілегім,
Жұр аман түгел елдің арасында.
Тілегім саған Жәми менің берген,
Өшпесін жылылығың сеніп көрген.
Жолыңды қуып сенің жалғастырды,
Ұл-қызың үлгі алып, соңыңа ерген.
Халқыңа Жәми жағып адалығың,
Көрмедің қызметтің жамандығын.
Қадірлі еліңнің бол қариясы,
Тілеумен отбасыңның амандығын.

Майдандас досың
Ертай АМАНЖОЛОВ,
Қарт ақын.

Ұлы Отан соғысының ардагері, көненің көзі тарихтың өзі, Созақ ауданының Құрметті азаматы Асанхан Аманжоловтың 1975 жылы 15 сәуірде «Молшылық үшін» газетінің №46 санында «Маршалды алып жүрген жауынгер» деген тақырыппен әсерлі шағын әңгімесі жарияланыпты. Бұл деректі әңгіме теріскейлік жауынгер Төребеков Әшірбек есімді азамат Ұлы Жеңістің 77 жылдығы қарсаңында да қалам тартқан болатын-мын.

Майдангер Төребекұлы Әшірбек 1918 жылы Созақ ауданы «Жұмысшы» колхозына қарасты Торлан ауылында дүниеге келген. 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталған уақытта өз еркімен майданға аттанып, 1-ші атқыштар полкінде майданға кіріп, 1942 жылдың қазан айына дейін қатардағы атқыш болады. 1942 жылдың қараша айынан 1943 жылдың сәуіріне дейін 56-шы атты әскер полкінде кавалерист ретінде жаумен шайқасады. Осы жылдың мамыр-қараша айларында 9-шы механикаландырылған бригада бастығының көлігін жүргізеді. Сержант шенінде қызмет етеді.

1943 жылдың желтоқсанынан 1945 жылдық қазан айына дейін



Айтжанның інісі Төребектің баласы Әшірбек пен келіні Қанткүл немересі Камшатпен.



шыншылдығын, әділдігін, отанына, отбасына және өз ісіне деген адалдығын өзіме өнеге тұтамын. Қанша жылдар өтсе де ардақты әкем мен аяулы анам өзіммен бірге жанымда жүргендей болады. Әкеміздің отбасындағы, еңбектегі біздерге берген тәлімі әлі күнге дейін бізге азық болып келе жатыр,-дейді қызы Бульбар Әшірбекқызы.

Ұлы Отан соғысының ардагері, еңбек ардагері Төребекұлы Әшірбек пен ол кісінің құдай қосқан жары Қанткүл апамыздың соңдарында қара шаңырағын, өнегелі өмір жолын жоқтатпай мақтаныш ететін 25 немересі мен 70-ке жуық шөбересі қалды. Ендігі кезекте сол ұрпақтарына өмір берсін! Соғыс деген зұлмат мәңгіге келмекке кетсін!

Одан бері қаншама жылдар өтті.

Көшеге жауынгер есімі берілді

қызу соғыстың ортасында №18 танкіге қарсы атқыштар полкінде полк командирінің көлігін айдайды. 1945 жылы Ұлы Отан соғысында көппен бірге Жеңіс күнін тойлап, аман-есен елге оралады. Елге келген соң Сарыағаш ауданы Жылға ауылында дүкен меңгерушісі болып жұмыс жасайды. 1962 жылы туған жері, кіндік кескен мекені Шолаққорған ауылына келіп дүкен меңгерушісі, Калинин атындағы совхозда қоймашы, жанар-жағар май меңгерушісі, совхоздың қамтамасыз етушісі болып қызмет істейді. Әшірбек 1976 жылы зейнет демалысына шығады. «Даңқ», «II-дәрежелі Ұлы Отан соғысы» ордендерімен, екі рет «Ерлігі үшін», «Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» «1941-1945» жылдардағы Ұлы Жеңіске 20 жыл», «1941-1945» жылдардағы Ұлы Жеңіске 25 жыл», «1941-1945» жылдардағы Ұлы Жеңіске 30 жыл», «1941-1945» жылдардағы Ұлы Жеңіске 40 жыл», «1941-1945» жылдардағы Ұлы Жеңіске 50 жыл», «1941-1945» жылдардағы Ұлы Жеңіске 60 жыл», «КСРО Қарулы Күштеріне 50 жыл», «КСРО Қарулы Күштеріне 60 жыл», «Еңбек ардагері» мерекелік медалдарымен марапатталған. 1944 жылы алған «Үшінші класты шофер» деген куәлігі әлі күнге дейін сақталыпты.

Кезінде әкесі Төребектің де басынан небір зұлматты жылдар өтеді. Жалғыз ұлы Әшірбек үш жасында анасынан жетім қалып, жетімдіктің ащы тауқыметін тартады. 1958 жылдары жұрттар ақталып, жылымықты жыл басталғандай болады. Елге заман тынышталып, өмір бір арнаға тоғысталған 1962 жылы бұл әулет елге көшіп келеді. Қарап тұрсақ Әшірбек дүниеге келген 1918 жылы. Атасы Айтжан би қайтыс болады. Осы азаматтар уақытында көп қиыншылық көреді. Бұл туралы жаузы Өтеш Қырғызбаев, еңбек ардагері, бидің ұрпағы Тобақабыл Айтжанов естеліктер жазған болатын.

Жауынгердің өмірбаянына зер салып қарасаңыз Жуковпен 1943 жылы қараша айында кездейсоқ кездескеннен Әшірбекті өмірі күрт өзгеріп 1943 жылдың желтоқсан айында, яғни, бір ай өтер етпесте полк командирінің жүргізушісі болып шыға келеді. «Жуковқа жүргізуші болған» деген немесе Жуковтың Әшірбектің көлігінен түсіп келе жатқанын полк командирлері көрді ме. Немесе Жуковтың өзі де тапсырма беруі мүмкін

ғой. Кез келген полк командиріне Жуковты тасыған жүргізушіні жүргізуші етіп алу зор абырой болатын. Не десекте Алланың шапағаты түссе керек.

Әшірбек көкеміз бен Қанткүл анамыздан 7 ұл-қыз өсіп өнді. Үлкен ұлы Нағашбек Калинин совхозында бас мал дәрігері қызметін атқарды. 49 жасында, өмірден озды. Екінші ұлы Полат Әшірбеков Ленгір ауданы Киелітас ауылында ауыл әкімі, Үшінші ұлы Марат Шолаққорған ауылында тұрады. Ол мұнай айдау стансасында қызмет атқарады. Қыздары Гулнар, Гулбар, Бульбар, Жанат. Барлығы отбасылы бір-бір үйдің түтінін түтеп жүрген аяулы ана, адал жар, ардақты әже.

Асанхан көкеміздің «Маршалды алып жүрген жауынгер» деген әңгімесінде майдангер жауынгер Әшірбек Төребеков маршалмен қалай кездесіп, тілдескені жөнінде былай әңгімелеп береді.

«Әлі есімде, 1943 жылдың ноябрь айының алғашқы күндерінің бірі болатын. Бұл кезде Совет Армиясы үнемі шабуылға шығып, неміс фашистері соққы астында қалғанын. Олар күн сайын өздерінің құзғындық ұяларына қарай шегініп бара жатты.

Ол кезде мен екінші Украина майданында №18 дербес артиллерия полкінде шофер болатынмын. Солдаттық борышым бойынша зеңбіректерге снаряд тасып жүргенмін. Соғыстың аты соғыс, майданның аты-майдан. Ол күндерді қазіргі және келер ұрпақ көрмей-ақ қойсын деп тілеймін. Осындай ала сапыран бір күні автомашиналарға әдеттегідей снарядтарды тиеп алып, шабуылға шыққан өз бөлімшесіміздің соңынан жүріп келе жаттық. Аспан ақ түттен көрінбейді. Күн де жауын. Жер лайсаң. Бір кезде автомашинам шалшық суға келді де тоқтап қалды. Ары-бері шығарып аламын деп жүріп жол серік шоферлардан көз жазып қалдым. Деген шабуыл кезі. Артиллерияға снарядтарды тез жеткізу үшін бәрімізде асығып келе жатқан болатынбыз. Менің автомашинам сол жерде лажсыз тұрып қала берді.

Күн сәске түске таянған әзірде өзіміздің бір «кукурузник» самолет ұшып келіп, төбемізден екі-үш рет айналып өтті. Сонан біраз уақыт өткен соң үш танк көрінді де олар менің қасыма келіп, тоқтай қалды. Тоқтаған танктен былғары тон киген бір толық кісі түсті. Басқа танктерден майор, подполковник, полков-

никтер түсті де оның қасына ерді. Өзара әңгімелесті.

Бұл кезде бір офицер маған келіп неғып тұрғанымды сұрады. Мен автомашинаның лайға батып тұрғанын айттым. Ол айналып көрді де қайтадан жүгіріп кетті. Бір танкті әкеп автомашинаны сүйреп лайдан шығаратынын білдірді. Лезде автомашинаны бір танк тіркеді де құрғақ жерге шығарды.

Мен автомашинаны оталдырып енді жүруге ыңғайланып тұрған әзірде әлгі былғары тонды кісі кабинетке ашқызып отырды да-кеттік-деп ишара етті. Автомашинаны енді осы жолсерігіміздің нұсқауымен жүргізуіме тура келді. Өйткені, әлгі 3 танк біздің соңымыздан ілесіп отырды. Ол кісіге тіктеп қарауға батылым бармайды. Жайлап байқасам сырт киімінде ешқандай әскери дәрежесін аңғартар белгі білінбейді. «Неде болса генералдың біреуі болды ғой» деп ойладым. Біраз жүрген соң бір бөлімшеге келіп тоқтадық. Әлгі жол серік автомашинадан түскен соң: -Өз бөлімшенің таба аласың ба?-деп сұрады. Мен таба алмайтынымды, көз жазып қалғанымды айттым. Сол кезде бір капитанды шақырып алып: -Мына жігітті бөлімшесіне жеткізіп сал!-деп тапсырды.

-Құп болады! Капитан қасыма отырған соң:

-Тарт былай-деп оңға қарай қол сілтеді. Жүріп келеміз Әңгімелесіп отырып сәлден соң капитан:

-Әлгі кісіні танысың ба,-деп сұрады. Мен оны танымағанымды, бірақ генералдың бірі болар деген ойымды айттым. Капитан маған таңғалғандай қарап қалды да: -Бұл Маршал Георгий Константинович Жуков қой! Естуің жоқ па!?-деп қайта сұрады. Жуковты өте жақсы білетінімді, бірақ бірді-екілі рет сыртынан көргенім болмаса, жақыннан бұрын көрмеген соң тани алмағанымды айттым»-деп сол жылдардың сұрылт бояуын көз алдымызға әкелді.

«Әкем өте қарапайым, артық ауыз әңгімесі жоқ азамат болатын. Ол кісінің мандол тартып, домбыра шертетін қасиеті бар еді. Жиын мен той-томалақта ән айтып тойдың көркін қыздыратын өнерпаз жан ұл-қыздарына зор өнеге, тәлім-тәрбиесін беріп кетті. Әкеміздің жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын! Бұл дүниеден өтіп кетсе де соңына айта жүрерліктей елеулі із қалдырған әкем сияқты азаматтар ұмытылмауы тиіс. Мен әкемді мақтан тұтамын. Әкемнің қоғамдағы

Ұрпақтар сабақтастығы дегенде мына бір оқиға ойға оралады. Бұл жайлы батырдың ұлы Болат ағамыз жазған естелікке назар салыңыздар:

«Әлі күнге дейін есімде 1980 жылдың шілде-тамыз айлары болатын. Мен «ЦГВ»-да (Центральная группа войск в Чехословакия) отан алдындағы азаматтық борышымды кеңес армиясы қатарында, сержант шенінде атқарып жүрген болатынмын. Бұл уақытта соғыстың Жеңіспен аяқталғанына отыз бес жыл уақыт өткен. Сол жылы бірнеше мемлекеттердің әскерлері бас қосқан халықаралық әскери оқу-жаттығу барысында Чехия мемлекетіндегі «Татра» тауларына көтеріліп бара жатқан мезетте бір танк тежегіші істемей артқа қарай жылжып, құзға құлап бара жатқан жерінде мен астындағы танкімді әлгі танктің алдына көлденең қойып, құлап бара жатқан танкі мен төрт адамнан тұратын экипажын аман сақтап қалдым. Артынша Москваның «Советский воин» журналы мен «Красная звезда» газетінің журналистері келіп, менен, командирлерімнен интервью алды. Сол жолы сұқбат алып жатқан газет корреспонденті «сенің фамилияңды бұрынырақ бір жерде естіген сияқтымын»-деп қайта-қайта айтумен болды. Кейін бірнеше ай өткен соң сол коореспонденттен маған хат келді. Хатында менің әкем Төребеков Әшірбектің Ұлы Отан соғысы кезіндегі ерлігі жөнінде және әкем қызмет атқарған «Ковоперия» полкі қоршауда қалып, полк командирі оққа ұшып қайтыс болып, басшылықты менің әкем өз жауапкершілігіне алғаны туралы жазылған. Және жауынгерлер арасында алып-қашпа әңгімелер шығып, «тұтқынға берілейік», «босқа өлгенше шет елде қалайық» деген арандату сөздерін тоқтатып, тірі қалған бірнеше солдаттармен жау қоршауын бұзып өтіп, жауынгерлерді аман алып шыққан екен. «Сіз сондай батырдың ұлы екенсіз-деп хат жолдапты. Ерлік ешқашан өлмейді. Ол ел жадында мәңгі сақталады деген рас екен. Биыл Ұлы Жеңістің 80 жылдығы аясында аудан әкімінің бастамасымен Даңқ орденінің иегері жауынгер Әшірбек Төребековке Шолаққорған ауылындағы бір көшеге есімі берілді.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі.

Қазіргі таңда зайырлы мемлекеттерде діни сауаттылық мәселесі маңызды тақырыптардың бірі болып отыр. Қазақстан зайырлы мемлекет болғандықтан, әр азаматтың діни сенім бостандығына ққығы бар. Дегенмен, діни сауатсыздық-қоғамда түрлі мәселелерге, соның ішінде радикализмге, дін мен дәстүрдің ара-жігін ажырата алмауға алып келуі мүмкін. Осы орайда, жастардың діни сауаттылығын арттыру— маңызды

отырып, азаматтардың діни сенім бостандығына кепілдік беретін жүйе. Мұндай қоғамда діни сауаттылық жастарға: дін мен зайырлылықтың үйлесімділігін түсінуге, діни сенімдерге құрметпен қарауға, экстремизм мен радикализмнен сақтануға, өз ққығы мен міндеттерін дұрыс түсінуге көмектеседі.

Енді зайырлы мемлекет дегенге тоқталар болсақ: діни сенім бостандығын қамтамасыз ететін, бірақ діни ұста-

рып, дін мен дәстүрді байланыстыру.

4. Жастардың әлеуметтік желілер мен ғаламтор кеңістігінде сауатты діни ақпаратты дұрыс сүзгіден өткізуіне ықпал жасау

5.Деструктивті діни ағымдардың ықпалынан сақтандыру бойынша бағдарламалар ұйымдастыра отырып дін мамандарының жастармен жиі жүздесулер өткізуіне ықпал жасау болып табылады.

Қорыта келе, зайырлы қо-

Толеранттылық-татулықтың көрінісі

Қоғамның дамуы мен өркендеуінде ұлтаралық және конфессияаралық толеранттылық пен келісім қашанда маңызды екені бәрімізге мәлім. Тәуелсіз еліміз Қазақстанда 130-ға жуық ұлттың, түрлі дінді ұстанатын халықтардың өкілдері тату-тәтті өмір сүруде. Елімізде ізгілік пен татулықтың факторы болып табылатын діни толеранттылық қағидаттарын одан әрі нығайту мен дамытуға ерекше көңіл бөлінуде.

Әртүрлі діни наным-сенімдегі адамдардың бір жерде, бір елде, ұлы идея мен таза ниет жолында бірге өмір сүруі діни толеранттылықтың жарқын үлгісі.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін барлық ислам құндылықтары—мешіттер мен медреселер, қасиетті орындар, сирек кездесетін тарихи дереккөздер, көне жәдігерлер елге қайтарылды. Елімізде тұрып жатқан және жұмыс істейтін мұсылмандардың, сондай-ақ өзге дін өкілдерінің көп бөлігінің аман-есен намаз оқып, діни білім алуына барлық жағдай жасалған.

Ежелден халқымызға тән діни толеранттылық біз үшін дәстүр. Діни толеранттылық әрқашан діни дұшпандыққа қарсы қалқан ретінде қызмет етті. Ол әртүрлі конфессиялардың бір уақытта, бір кеңістікте қатар өмір сүруіне, олардың арасындағы ынтымақтастық пен келісімнің дамуына жол ашты. Бұл өз кезегінде елдің тыныштығы мен дамуына, жалпыадамзаттық өркениет пен руханияттың дамуына ықпал етті.

Дін—саналы адамдарды, өз еркі және қалауымен қайырылы, игі істерге жетелейтін құдіретті күшті Жаратушының заңы. Дін—тәрбие, бақытқа жетелейтін, Иман мен Хақ заңдарын қамтитын тура жол. Дін—сүйіспеншілік, құрмет. Дін—сенім, ғибадат, дұға. Дін—адамзат, отбасы, қоғамды дамытып, үйлестіруші күш.

Татулық бар жерде береке жүретінін тарих әлдеқашан дәлелдеген. Осы орайда татулық, достық, жақсылық, ізгілік, мейірімділік сынды ізгі қасиеттерді ұлықтауда «Біз—бір елміз, біртұтас халықпыз» деп айту әбден орынды.

Соның ішінде діни татулық пен келісім—халықтың бірлігі мен елдің тұрақтылығының кепілі. Діндераралық түсіністік, сыйластық— уақыт талабы екендігі мәлім. Тарих деректеріне көз жүгіртсек, Қазақ елі әрқашанда түрлі халықтардың діни дәстүрлерінің, мәдениеттері мен өркениеттерінің тоғысатын мекені болып, әлі күні бүгінге дейін солай жалғасын тауып келеді.

Қазақстанда әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съездерін өткізу—ғаламдық және аймақтық қауіпсіздікті нығайту мен әлемдік татулықты күшейтуге қосқан үлкен үлесі.

Жаһандану заманында халықтардың тату-тәтті ынтымақ-бірлікте ғұмыр кешудің басты жолы өзара құрмет пен сыйластық. Ал, өзара сүйіспеншілікте болудың жо-

лы жақын танысуда жатыр. Сондықтан мұны жүзеге асыру наным-сенімі әртүрлі адам баласын өз ерекшелігімен, өз дүниетанымымен қабылдай отырып пікірлесуде.

Республикамызда исламмен қатар басқа да діни конфессиялар еркін әрекет етуде. Ата заңымыз адамдарды ұлтына, нәсіліне және дініне қарамастан барлық азаматтардың тең құқықтарына кепілдік береді.

Қазақстанның дәстүрлі діни толеранттылық елі екенін және оның ислам ғылымы мен мәдениетіне қосқан зор үлесін мойындау керек. Олай болса, жүрегінде дұшпандығы жоқ, қоғамға қолы мен тілімен зияны тимейтін адамдармен жақсы қарым-қатынаста болу, дүние істерінде олармен ынтымақтасу, зұлымдық жасау жолында мүлдем ынтымақтаспау—дәстүрлі ислам дінінің талабы. Өйткені, Алла мұны рақым етіп, былай дейді: «...Жақсылық пен тақуалықта серіктес болыңдар, күнә мен дұшпандықта бірікпеңдер! Алладан қорқыңдар! Расында Алланың жазасы қатты!» («Мәйда» сүресі, 2-аят) - делінген.

Исламның мәңгілік негізі—қасиетті Құран Кәрім және Пайғамбар Мұхаммедтің (с.а.с.) өшпес өсиеттері қоғамдағы барша адамдармен қарым-қатынаста көршілестік пен төзімділікті уағыздаған. Хазіреті Расул(с.а.с.) хадистерінің бірінде бөтен болған көршіге жақсылық пен сыпайылық жасау бұйырылған.

Сондықтан да мұсылман елдеріндегі басқа діндер мен діни сенім бостандығына қатысты Құран Кәрім негізгі дереккөз қызметін атқарды.

Қорыта айтарымыз, демек ислам дінінің басқа діни нанымдағы адамдарға адамгершілікті және әділетті екенін осыдан-ақ, жоғарыдағы айтылған мәселелерден аңғарамыз.

Исламның тағылымдарында діни толеранттылыққа ерекше мән берілгенін көреміз. Діни төзімділік қағидалары өмірде өз түсінігін тапқан сол қоғамда өзара сыйластық пен шынайылық орнап, барша халық тату-тәтті өмір сүруде. Бейбітшіліксіз даму мен өркендеу болмайтыны сияқты, діни толеранттылықсыз бейбітшілік тұрақты болмайды.

Ал, діни толеранттылық дегеніміз— әртүрлі діни наным-сенімдегі адамдардың игі идея мен ізгі ниет жолында әріптес болып, тату-тәтті өмір сүріп, адамзат қоғамының дамуына қызмет ету. Қазіргі таңда бұл идея тек діндарлардың ғана емес, барлық қоғам мүшелерінің ізгілік жолындағы ынтымақтастығын меңзеп отыр. Діни төзімділік—бейбітшілік пен тұрақтылықты нығайтудың, азат және гүлденген Отанды құрудың маңызды шарты.

Д.АМАНОВ,
Түркістан облысының дін істері басқармасы «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің Мақтарал ауданындағы дінтанушы маманы.

Зайырлы қоғамдағы жастардың діни сенімі

міндет. Осындай қоғамда жастардың діни сауаттылығы ерекше мәнге ие. Жастар—кез келген қоғамның қозғаушы күші. Олар жаңа тың идеяларға, өзгерістерге ашық, сол себепті әртүрлі идеологиялық ағымдардың ықпалына түсу қаупі жоғары. Діни сауатты болу дегеніміз— діннің мәнін, оның тарихын, өз сеніміңді құрметтей отырып, өзгелердің көзқарасын түсіну, мәдениеттегі орын және зайырлы қоғаммен байланысын түсіну қабілеті. Бұл білім жастардың діни фанатизмге түспеуіне, жалған діни ағымдардың ықпалына ермеуіне және рухани құндылықтарды дұрыс қабылдауына көмектеседі. діни экстремизмнен сақтану және діннің мәдени, тарихи рөлін білу.

Жастардың діни білімін арттыру— олардың рухани дамуымен қатар, қоғамдық тұрақтылық пен дінаралық келісімді сақтау үшін қажет. Зайырлы қоғам—дін мен мемлекеттің өзара тәуелсіздігін сақтай

нымдарды мемлекеттік басқару жүйесінен бөлетін жүйе. Қазақстан Конституциясында елдің зайырлы мемлекет екендігі және әр азаматтың ар-ождан бостандығы мен діни сенім еркіндігі сақталатыны айқын көрсетілген. Дегенмен, бұл қоғамда дінге тыйым салынды дегенді білдірмейді. Керісінше, мемлекет азаматтардың діни сенімін құрметтей отырып, олардың радикалды көзқарастарға ұрынбауына жағдай жасайды. Сол қоғамдағы жастардың діни сауаттылығын арттыру жолдарын айта кетсек:

1.Білім беру жүйесі арқылы мектептер мен жоғары оқу орындарында дінтану пәндерін сапалы діни білімнің ғылыми және зайырлы негізде берілуі.

2.Қоғамдық орындарда діни сенімдерге қатысты сауатты ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

3. Ата-аналардың діни сауатын арттыру арқылы балаларға дұрыс бағыт бере оты-

ғамда жастардың діни сауаттылығы— олардың толерантты, рухани дамыған және ұлттық құндылықтарға берік болып қалыптасуының кепілі. Діни және зайырлы құндылықтардың дұрыс ұштасуы арқылы ғана жастар радикалды ағымдардың ықпалынан сақтанып, қоғамның толыққанды мүшесі бола алады. Сондықтан білім беру, ақпараттық саясат және рухани тәрбие арқылы олардың діни сауатын арттыру—мемлекет пен қоғамның ортақ міндеті, елде діни білім мен зайырлылық қағидаттарының дұрыс үйлесуі—қоғам тұрақтылығы мен рухани дамуының кепілі. Дұрыс діни білім алған жас ұрпақ радикалды идеологияларға қарсы тұра алады және өз елінің рухани-мәдени дамуының тұтастығына үлес қосады.

Е.ЕШТАЙ,
«Оңалту жұмыстарын ұйымдастыру» бөлімінің маманы.

Ер намысының құлы

Адам баласының өмірінде намыс пен ар-ождан ерекше орын алады. Әсіресе, қазақ халқы үшін намыс— қасиетті ұғым. «Ер намысының құлы» деген сөздің мағынасы тереңде жатыр. Бұл ұғым ер жігіттің адалдық, жауапкершілік, батылдық секілді қасиеттерін бойына сіңіріп, өз елінің, ұлтының намысын қорғауға дайын болуын білдіреді. Ұлт тарихындағы батырлар мен билер, елін қорғаған жауынгерлер, қоғам қайраткерлері— барлығы да намысты ту етіп, ұлт мүддесін бәрінен биік қойған.

Қазақ халқы әрқашан ер намысын жоғары қойған. Ер жігіттің басты қасиеттерінің бірі— намысшылдық. Ол жеке адамның ғана емес, бүкіл халықтың абыройын білдіреді. Бабаларымыз «Ер жігіттің екі сөйлегені— өлгені» деп, сөзге беріктік пен намысты қатар ұстауды өсиет еткен. Намысты жігіт өз елінің, жерінің, отбасына деген жауапкершілігін сезінеді. Бұл қасиет әсіресе батырларымыздың ерлік істерінен айқын көрінеді.

Қазақ тарихында намысы үшін күрескен батырлар мен билер өте көп. Олар тек жеке бастары үшін емес, бүкіл ұлттың ар-намысын қорғады. Қабанбай батыр, Бөгенбай батыр, Наурызбай батыр сынды қолбасшылар ел тәуелсіздігі үшін жанын аямаған. Кенесары Қасымұлы қазақ хандығының тәуелсіздігін сақтап қалу жолында күрес жүргізген. Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейхан, Міржақып Дулатов сынды Алаш қайраткерлері де қазақ халқының ұлттық намысын оятуға күш салған.

Ер азаматтың намысы ең алдымен оның отбасындағы рөлінен көрінеді. Отбасын асырау, қорғау, бала-шағасына дұрыс тәрбие беру— ер жігіттің басты міндеті. Бүгінгі таңда ер азаматтың намысын көрсетуі тек соғыс алаңында ғана емес, күнделікті өмірде, еңбек етіп, адал қызмет атқару арқылы да көрінеді. Ер адам жауапкершілікті сезініп, өз отбасын қамтамасыз етіп, қорғай білсе, ол да бір үлкен ерлік болып саналады.

Қазіргі заманда ер намысын сақтау— уақыт талабына сай жаңа мағынаға ие болуда. Бүгінгі қазақ жастары үшін намысты болу— білім мен ғылымға ұмтылу, ұлттық құндылықтарды сақтау, елдің дамуына үлес қосу, жауапкершілікті сезіну, жеке өмірінде адал бо-

лу сияқты қасиеттерден көрінеді. Өйткені нағыз намысты жігіт—ұлтының болашағы үшін еңбек етіп, өз білімі мен білігін ел игілігіне жұмсайтын азамат. «Ер намысының құлы» болу— бұл тек сөз емес, әрбір ер азаматтың өмірлік ұстанымы болуы тиіс.

Қазақ халқы үшін ер адамның намысы— тек жеке басының мәселесі емес, ол ұлттың намысына тікелей байланысты. Егер ер азамат намысын сақтай алса, ол өз отбасын да, елін де сақтайды. Ер жігіттің намысы— оның рухани күші, өмірлік ұстанымы. Намысын жоғалтқан ер азамат өз өмірін де, болашағын да бұлыңғыр етеді. Сондықтан әрбір қазақ жігіті өз намысын жоғары қойып, әділдік жолында күресуі керек. Бұл— ата-бабалар аманаты, бұл— ұлттың болашағы.

Қазақ жігіттері үшін намысты сақтау— олардың рухани тазалығы мен батылдығына байланысты. Бүгінгі таңда көптеген жастар материалдық байлық пен даңқтың соңына түсіп, нағыз ер азаматтың қасиеттерін ұмытып жатады. Бірақ шынайы намыс— материалдық дүниелерде емес, ол адамның жүрегінде, санасында, жасаған ісінде. Ең бастысы, намысты жігіт өз халқының игілігі үшін еңбек ететін, әділетсіздікке төзе алмайтын, жақындарына қамқор болатын азамат болуы керек. Бұл— нағыз ер адамның белгісі.

Бүгінде ел намысын ойлайтын, халқының болашағы үшін аянбай еңбек ететін, білім мен қайраттылықты тең ұстайтын жігіттер қажет. Қазақ жастары өздеріне жоғары талап қоя білсе, қоғам да соғырлым қуатты болмақ. Әрбір ер азамат өз күшіне сеніп, алған бетінен таймай, тек алға ұмтылуы керек.

Ер жігіттің намысы—оның ел алдындағы парызы. Бұл парызды адал атқару— әрбір азаматтың қасиетті борышы. Қай кезеңде, қай ортада болмасын, ер азамат өз ұлтының айбары, ар-ожданы мен намысының қорғаны болуға тиіс. Намысты азаматтар барда елдің еңсесі түспек емес, халқының да рухы биік болмақ.

А.ҚҰРМАНБЕК,
Түркістан облысының дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің теолог маманы.

Хабарландыру

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚШу-Сарысу провинциясының Буденовское кен орнындағы Северное учаскесінде уранды барлау жоспарына» әсер етуге экологиялық рәқсат алу үшін жобалық құжаттама материалдары бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өткізілетінін хабарлайды («Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі, шығарындылар нормативтерінің жобасы, қалдықтарды басқару бағдарламасының жобасы, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасының жобасы, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарының жобасы) бекітілсін.

Қоғамдық тыңдаулар 2025 жылдың 13 тамыз сағат 11:00-де Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қаратау а.о., Бақырлы а., Мәдениет үйінде өтеді.

Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүргізіледі.

Тапсырыс беруші: «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ, БСН 970240000816; Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Есіл ауданы, Сығанақ көш, 17/12 құрылым; Жанденов Руслан Канатович, тел. +7 777 879 94 52, r.k.zhandenov@kazatomprom.kz.

Әзірлеуші: «Волковгеология» АҚ; БСН 940740001484; Қазақстан Республикасы, 050012, Алматы қ., Бөгенбай батыр к-сі, 168; тел. 8 (701) 344-09-87.

Қоғам өкілдері жоба материалдарымен танысып, өз ескертулері мен ұсыныстарын және сұрақтарын электронды портал арқылы <https://ndbecology.gov.kz> немесе a.erkebai@ontustik.gov.kz электрондық поштасы арқылы қағаз түрінде бере алады, келесі мекен-жай бойынша: 160023, Түркістан облысы, Түркістан қ., Жаңа қала шағын ауданы, 32.20 көшесі, тел.8 (72533) 5-98-49.

Жоба бойынша құжаттама БЭК-те <https://ndbecology.gov.kz> және ЖАО сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar/documents/1?lang=ru> «Қоғамдық тыңдау» бөлімінде орналастырылған.

Жоспарланып отырған қызмет туралы ақпаратты және құжаттардың көшірмесімен мына байланыс арқылы танысуға болады: – «Волковгеология» АҚ; Қазақстан Республикасы, 050012, Алматы қ., Бөгенбай батыр к-сі, 168; 8 701 344 09 87; G.kazibek@mail.ru.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар онлайн режимінде өткізіледі.

Онлайн қосылуға сілтеме: <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>

Конференция идентификаторы: 616 540 8596

Кіру коды: 123456

Объявление

АО «НАК Казатомпром» сообщает о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по материалам проектной документации для получения экологического разрешения на воздействие на «План разведки урана на участке Северное месторождения БуденовскоеШу-Сарысу-скойпровинции» (раздел «Охрана окружающей среды»), проект нормативов эмиссий, проект программы управления отходами, проект программы производственного экологического контроля, проект плана мероприятий по охране окружающей среды).

Общественные слушания состоятся 13 августа 2025 года в 11:00 по адресу: Туркестанская область, Сузакский район, Каратауский с.о., с.Бақырлы, Дом культуры.

Регистрация участников ведется при предъявлении документа, удостоверяющего личность.

Заказчик: АО «НАК Казатомпром», БИН 970240000816; Республика Казахстан, 010000 г. Астана, район «Есиль», ул. Сығанақ, строение 17/12; Жанденов Руслан Канатович, тел. +7 777 879 94 52, r.k.zhandenov@kazatomprom.kz

Разработчик: АО «Волковгеология»; БИН 940740001484; Республика Казахстан, 050012, г. Алматы, ул. Бөгенбай батыра, 168; тел. 8 (701) 344-09-87

Представители общественности могут ознакомиться с материалами проекта, высказать свои замечания и предложения, задать вопросы в электронной форме на <https://ndbecology.gov.kz> или по e-mail: a.erkebai@ontustik.gov.kz в бумажной форме по адресу: 160023, Туркестанская область, г. Туркестан, мкр. Новый город, улица 32,20, тел. 8 (72533) 5-98-49.

Документация по проекту размещена на ЕЭП <https://ndbecology.gov.kz/i> на сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar/documents/1?lang=ru> в разделе «Общественные слушания».

Контакты, по которым можно получить информацию о намечаемой деятельности, и ознакомиться с копией документов – АО «Волковгеология»; Республика Казахстан, 050012, г. Алматы, ул. Бөгенбай батыра, 168; 8 701 344 09 87; G.kazibek@mail.ru.

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме.

Ссылка на онлайн подключение: <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>

Идентификатор конференции: 616 540 8596

Код доступа: 123456

Хабарландыру

ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес «КАТКО» БК»ЖШС ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

1.Қоғамдық тыңдаулар Түркістан обл., Созақ а-ны, Тасты а., Түркістан облысы, Созақ ауданы, Тасты ауылы, А. Иманов көшесі, 15 үй, Әкімдік ғимаратында мекен жайы бойынша 2025 жылғы 6 тамызда сағат 11.00-де өтеді, «КАТКО СП Мойынқұм кен орнының № 2 Төртқұдық учаскесі кен орындарының оңтүстік бөлігіндегі уран өңдеу кешенінің өндірістік қуатын арттыру» Жұмыс жобасына әсер ету үшін экологиялық рәқсат алу материалдарына сәйкес;

2.Әсер ету аумағы: Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Созақ ауданы.Кординаттар: 44,21'16,382" с.е., 69,08'19,285" ш.б., 44,21'15,903" с.е., 69,08'15,059" ш.б.

Қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін мына сілтемелер бойынша өту қажет:

<https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>
Конференция идентификаторы: 616 540 8596; қатынау коды 123456.

Тіркеу талқылау басталғанға дейін 30 минут бұрын басталады. Қосылу сұрақтары бойынша жоспарланған әрекеттің бастамашысымен байланысыңыз.

4.Жоспарланған жобаның бастамашысы: «КАТКО» БК» ЖШС. Мекенжайы: Қазақстан Республикасы,Түркістан обл., Созақ а-ны, Тасты а., 060 кварталы, 44 ғимарат. БСН 981040001439.тел: +7(702)-453-45-65, e-mail: ulugbek.iskakov@orano.group.

5.Жоба әзірлеуші: «АНТАЛ» ЖШС (2014 жылғы 26 қарашадағы № 01714Р мемлекеттік лицензияны КММ «Мұнай-газ секторындағы экологиялық реттеу, бақылау және мемлекеттік инспекция комитеті» мемлекеттік мекемесі берген. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі). Мекен-жайы: Алматы қ., Бұхар Жырау 33, «Жеңіс» БО, оф.50, БСН – 920940000013. Тел/факс: 8 (727) 376-33-42, e-mail:office@antal.kz

6. Жобалық құжаттама пакетімен ақпараттық жүйенің сайтында <https://ndbecology.gov.kz> танысуға болады, сондай-ақ ЖАО сайтында «Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ.

7. Жоспарланған жоба туралы қосымша ақпаратты, қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы ақпаратты, сондай-ақ жоспарланған іс-шараларға қатысты құжаттардың көшірмелерін алу мақсатында мына мекенжайлар бойынша хабарласуға болады: «КАТКО» БК» ЖШС. Байланыс тел: +7(702)-453-45-65, e-mail: ulugbek.iskakov@orano.groupжәне «АНТАЛ» ЖШС. Тел/факс: 8 (727) 376-33-42,e-mail:office@antal.kz.

8. Ескертулер мен ұсыныстар ақпараттық жүйенің сайтында ndbecology.gov.kzқоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей қабылданады, сондай-ақ мына мекен-жай бойынша: «Түркістан облысының Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Түркістан қ., Жаңа қала ш/а, 32-көше, 20. e-mail: a.erkebai@ontustik.gov.kz, тел 87253363845.

Сексеуіл-құм көшкінінің қорғаны

Көптеген тамақтандыру орындарында қауап орындары көптеп ашылып, сексеуілге деген сұраныс барынша артқанда, жұрт заңсыз сексеуіл бұталарын аяусыз отайтын болды. Соның салдарынан сексеуіл алқаптары бұрынғы көлемдерінен мүлдем кішірейіп кеткен. Бұл қоршаған ортаға үлкен зиянын тигізуде. Жалаңаш қалған өлкелерден құмдар көшіп, аңдары басқа жаққа ауып жатыр. Ал құмды, шөл жерде судың аз екендігі өзінен – өзі түсінікті. Осыған орай сексеуіл су қаулауға да » бейімделіп алған, осы жас сексеуілдің өсуін бақылаудан айқын байқауға болады. Ақ сексеуіл негізінен құмдауыт әрі сортаңдау жерлерде өседі. Құрғақшылыққа бейім. Жапырақтары өте кішкене. Бұтақтарында ұсақ, жұмыр, шырынды, күңгірт. Органикалық заттар өркендерде ғана бар. Көктемнің бас кезінде өркендерінде ұсақ-ұсақ жасыл түсті гүлдер шығады да, тұқымы күзде піседі. Тұқымы жалпақтау келеді де, оның бозғылт немесе қызғылт түсті үлгілдектері болады, сол арқылы бір жерден екінші жерге ұшып кетеді. Оның тамыры 10-11 метр тереңдікке дейін кетеді. Сексеуіл сияқты дала еркесіне аялы алақан мен жылы көзқарас аса қажет.

Нұрболат БИСҮПРОВ,
Созақ орман және жануарлар элементін қорғау мекемесінің орман күзетші-қорықшысы.

Объявление

ТОО «СП «Катко», в соответствии с требованиями Экологического кодекса РК, уведомляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания.

1.Общественные слушания состоятся 06августа 2025 года в 11.00 часовпо адресу: Туркестанская область, Сузакский район, Тастинский с.о., с.Тасты, ул. Аманкелди Иманова, д 15., здание сельского Акимата, по Материалам для получения экологического разрешения на воздействие на Рабочий проект «Увеличение производительной мощности перерабатывающего комплекса урана в Южной части залежей участка № 2 Торткудук месторождения Моинкум ТОО СП «КАТКО»;

2.Территория воздействия: Республика Казахстан, Туркестанская обл., Сузакский район. Координаты центра участка: 44,21'16,382" с.ш., 69,08'19,285" в.д., 44,21'15,903" с.ш., 69,08'15,059" в.д.

Для участия в общественных слушаниях необходимо пройти по ссылке: <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>;

Идентификатор конференции: 616 540 8596; код доступа 123456.

Регистрация начинается за 30 минут до начала обсуждения. По вопросам подключения обращаться по телефонам инициатора намечаемой деятельности.

4.Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «СП «КАТКО». Адрес: РК, Туркестанская обл., Сузакский р-н, с. Тасты, Квартал 060, здание 44, БИН: 981040001439, тел: +7(702)-453-45-65, e-mail: ulugbek.iskakov@orano.group.

5.Разработчик: ТОО «АНТАЛ» (Государственная лицензия №01714Р от 26.11.2014 г. выдана РГУ «Комитет экологического регулирования, контроля и государственной инспекции в нефтегазовом комплексе. Министерство энергетики РК»). Адрес: г.Алматы, Бухар Жырау 33, БЦ «Женис», оф.50, БИН – 920940000013. Тел/факс: 8(727) 376-33-42, e-mail: o.

6.С пакетом проектной документации можно ознакомиться на сайте Информационной системы <https://ndbecology.gov.kz>, а также сайте МИО ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области».

7. Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведении общественных слушаний, а также запросить копии документов, относящихся к намечаемой деятельности можно по адресам: ТОО «СП «Катко». Контактный тел: +7(702)-453-45-65, e-mail: ulugbek.iskakov@orano.group.или ТОО «АНТАЛ». Тел/факс: 8(727) 376-33-42. e-mail:o.

8. Замечания и предложения принимаются не позднее 3-х рабочих дней до проведения общественных слушаний на сайте Информационной системы ndbecology.gov.kz, также по адресу: г. Туркестан, мкр.Новый город, улица 32,20, ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области», e-mail:a.erkebai@ontustik.gov.kz, тел 87253363845.

Қоғамдастық жиыны хабарлайды

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 1 тамыздағы «Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларын бекіту туралы» №211 бұйрығына сәйкес,

Құмкент ауылдық округі бойынша 04 тамыз 2025 жылы қоғамдастық жиыны өтетінін хабарлаймыз.

Күн тәртібіндегі мәселе Құмкент ауылдық округінде атауы жоқ жаңадан түскен екі көшеге атау беру мәселесі қойылған.

«Созақ ауданының, Құмкент ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ.

Байланыс телефоны 4-727, 8700-467-9375, 8702-295-1262

4-724, 8700-467-9372; 8775-482-2105.

Созақ ауданының Құмкент ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.

Балаларымыздың басыбайлы демалыс орны болса

«Қу кененің де жүрмейтін жері жоқ. Мүмкін осы кенелер өріп жүретін жерде алтын, күмістің мол көмбесі бар шығар деген ойға қаласың. Ол да бір құдайдың жаратқан жәндігі ғой. Біреуге зияны тигенімен, енді біреуге пайдасы да тиетін болар. «Баяғыда» деп бипаздамай, ертеректе деп елпендесек Созақ өңіріндегі көрікті, баурайы шалғынды, көкмайсалы жердің бірі Көкбұлақ болса, дүр біреуі Мардан болатын. Мардан деген сөздің өзі тоқшылық, қоңды, шұрайлы деген сөзді білдірсе керек. Марқа, Марқасқа, Марайым сөздері осы ұғымға саяды. Өне, осындай құлаққа жағымды, сирек кездесетін және тарихи атауы тереңнен сыр шертетін Мардан жерінде балалардың демалыс үйі бар еді. Кене деген пәлең адамға өш деген расқа шығып, сол өңірге жылына бір рет жайма шуақ жаз айын өткізуге ынтызар балаларымызды өзге өңірге қуып тастады. Өзге аймақ әкесі мен анасының, атасы мен әжесінің қасынан алысқа ұзамаған бала үшін жат болары анық. Жиі-жиі барып хабарын алып тұруға жер шалғай, оның үстіне ағылған көліктен жүрек шайлығады. Ауданнан шалғай аймақтан шамасы келгенше балалар үшін демалыс ұйымдастырған кәсіпкер азаматтарға үлкен рахмет. Олар аудан балалары үшін қолынан келгенін жасап, демалдырып жатыр. Алайда әр бала өз туған жерінде, өз ауданында демалу үшін мүмкін деген шұрайлы жерлерді пайдаланбасақ, ұрпаққа деген жақсылығымыз қайда? «Созақта Созақтың балалары үшін демалатын жер жоқ» деген сөз қандай жаман естіледі. Тура осы кезде ойыма балаларды тентіретіп жіберген атың өшкір кенелер есіме түсіп, езіп



тастағым келді. Бірақ бұл пәле «сыбайлас жемқорлық» сияқты қанша езеңде өлмейді екен. Кенені жақсы білетін мамандардың айтуынша ол пәленің адамды соратын тілі мен тісін күйдіру керек дейді. Енді біреулер қырығына май тамызу керек дейді.

Жалпы біз ел болып екі-үш жылдан бері Марданға балаларымызды жолатпай қойған кенелермен күресуді бастауымыз керек. 2016 жылы 16 ақпан-сенбі күні сол уақыттағы аудан әкімі Исаев Мақсат балалардың жазғы демалыс орны Мардан лагерінің орнында болып осы мәселені көтерген болатын» деп, бұл мақаланы сол жылы жазыппын. Мына Көкбұлақ, Күрдек, Суындық асуы, Алмалы сай сияқты саялы жерлер баршылық емес пе? Аталарымыз тоғыз жолдың торабындағы Мардан орнын босқа таңдаған жоқ. Ауданның барлық жерінен келуге қолайлы, тура ортада орналасқан. Кененің ошағы деген осы Марданда бір қауым жұрт пәлен жылдан бері

мекендеп келеді ғой. Соған қарағанда әлгі қу кенелер адамды таңдап шағады ма дерсің!

Созақ ауданында аралап, көріп тауыса алмайтын тарихи, мәдени жерлер көп. Ысқақ бап, Шашты әзіз, Ақбикеш, Жалаңқылыш, Арпаөзен, Таңбалы тасқа дейін үш ай жаз аралап, шегіне жете алмайсың. Ұрпағымызды өз туған жерінің қадір-қасиетін, тарихын, өнерін ұғынып, әдебиеті мен мәдениетіне сусында-тып өсіре алмасақ, ертең олардан не талап ете аламыз. «Шегірткенден қорыққан егін екпес» демекші кенеден қорқып келешегімізді тентіретіп жібердік-ау деген ойға қаламыз. Ертеректе бір кісі ақылды дана қартқа келіп: «Ақсақал, баламды суытып алдым, сөзіме құлақ аспайды, жүре тыңдайды соның себебін айтып беріңізші» депті. Ақсақалды абыз қария: Балаңды жеті жасқа дейін бір жаққа ұзаққа қалдырып па едің депті. Иә, ақсақал жеті жасқа дейін жиен ағамыздың үйінде өсіп еді, дейді. Сонда дана қарт: «Әр ата-ана

өз баласының жеті-он жасқа дейін өз туған мекенінде тәрбиеленуі, есейіп өсуін қатаң бақылауға алуы тиіс. Қара шаңырағының қадір - қасиеті мен рухани рухынан жігер алып жетілуі керек. Ал жат жерде жүрсе сол жақтың табиғаты жас баланың дамуына кері әсер етеді. Бұл сол қателігіңнің жемісі, - деген екен. Жыл сайын өткізіліп тұратын дала-лық әскери оқу-жаттығу жиындарында осы қу кенеден қорқып ілдебайлап әр жерде өткізіп жатырмыз. Енді бұл шаралардың барлығы бір реттік ғана жүргізілетін мәселе емес ғой. Созақ ауданының халқы өзге жаққа көшіп кетпей, осы жерде тұрақтап тұратын болса, бізге балалар үшін демалатын жай керектігі ақиқат. Өзгенің қаңсығына таңсық болмай аудан аумағынан кененің кедергісіне төтеп беретін балалар демалыс орталығы салынатын уақыт келген сияқты.

Араға пәлен жыл салып күні кеше журналистер мерекесіне орай аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы бұқаралық ақпарат қызметкерлерін қабылдағанда осы жайды аудан басшысының қаперіне салдық. Сөйтсек ауданның көкөрайлы жерлерінің барлығы әркімдердің меншігіне өтіп кеткен екен. Онда неге балалар лагерін тың жерден салмасқа? Арнайы аймақты белгілеп, көкөрайлы аймақ етіп жіберуге ауданымыздың мүмкіндігі зор деп есептеймін. Өйткені аудан әкімінің қызметке келгені бері Шолаққорғаннан таудың аузына дейінгі жолдың екі қапталына ектірген жасыл аймағы бүгінде жайқалып тұр ғой. Күтім, қадағалау болса жаңа лагерді де жайнатып жіберуге болар еді?

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.

Мұрагерлік ашылды

Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылдық округі, Қазыбек би көшесі №8 үйде тұрып, 2025 жылдың 19 ақпанда қайтыс болған Урмузова Жәмилә Файзуллақызының атына мұрагерлік іс ашылды. Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылдық округі, Қазыбек би көшесі №8 үйдің құжаттары жоғалған. Жарамсыз деп танылсын. Мұрагерлерді Түркістан облыстық нотариаттық округінің нотариусы Құдайбергенов Батырхан Кожаметовичке хабарласуын сұраймын. Мекен жайы Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, К.Рустемов көшесі н/ү 8-705-685-88-11.

Нотариус
Б.К.Құдайбергенов.

Жарамсыз деп танылсын

Тоқтабай Мұқағали Сағынтеревтің 2024 жылы Түркістан облысы білім басқармасының Созақ ауданы білім бөлімінің «А.Байтұрсынов атындағы жалпы білім беретін мектеп КММ-нен» берілген «ЖОБ №2211374» санды жалпы орта білім туралы «аттестаты» жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

ТАБИҒАТ АЯСЫНДА ӨТКЕН СЕМИНАР-КЕҢЕС

Ауданы әкімдігі мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Мыңжылқы» мәдениет сарайы МКҚК-ның жылдық жұмыс жоспарына сәйкес «Дауыстың табиғатпен үндестігі» тақырыбында аудандық мәдениет сарайы әншілері ауылдық мәдениет үйлері мен клуб қызметкерлеріне арналған аудандық семинар-кеңес өтті.

Дауыс техникасын табиғи ортада жетілдіру, тыныс алу, сахналық сергектік жаттығуларын меңгеру, әншілер арасында шығармашылық байланыс орнату мақсатында өткен семинар «Жұмбақ Тау» демалыс орнында ұйымдастырылды.

«Мыңжылқы» мәдениет сарайының ауылдық клубтар жөніндегі әдіскері Нұрсәуле Еспаеваның ұйым-



дастыруымен өткен семинар-кеңеске Түркістан облыстық мәдениет және халық шығармашылығы орталығының директоры Мейіржан Алиакбаров арнайы келіп қатысты.

Семинарды аудан әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру

және спорт бөлімінің сектор меңгерушісі Нұрғайша Махмұтқызы Балаубекова ашып берді.

Шара барысында Ф.Мұратбаев атындағы жалпы білім беретін мектептің музыка пәнінің мұғалімі Мамырғали Байс «Әнді бірнеше дауыста орындауға ба-

улу», республикалық Шәмші әндерінің дипломанты, республикалық Әміре Қашаубаев атындағы дәстүрлі әншілер конкурсының II орын иегері Сәуле Аппазова «Жеке ән айтудағы вокалдық-техникалық дағдыларды дамыту әдістері», әнші, республикалық байқаулардың жеңімпазы Әсет Абуов «Музыкалық орындаушылық іс-тәжірибеге тыныс алу ерекшеліктері» тақырыбында іс-тәжірибелерімен бөлісті.

Сонымен қатар, шара барысында әншілер жанды дауыста сергектік жаттығулар жасады.

Семинарға қатысушылар ұсыныс, пікір айтып, өз ойларымен бөлісті. Семинар соңы концерттік бағдарламаға ұласты.

«Созақ үні»-ақпарат.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан Бакытжанович

Бас редактор:
Мақсат Қарғабай

Редакция құрамы:

Аға тілші-
Данияр БЕКОВ
Тілшілер-
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Теріші-
Бағила АЯЗБАЕВА
Фототілші-
Құрманш КЕРІМҚҰЛОВ

Қолжазбалар еңделеді, қайтарыпмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолаққорған ауылы, С.Кожанов көшесі 68, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс № таралымы - 3300 дана

Кезекші редактор:

Н.Шертаев